

» Жолдау – жарқын болашақ көпілі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында әлеуметтік-экономикалық мәселелерге тереңірек ден қойып, алдағы жаңа мақсат-міндеттерді нақтылады. Әсіресе биыл күзде мерзімінен бұрын Президент сайлауы, келер жылдың бірінші жартысында парламенттік сайлауы өтетінін жариялауы ел назарын аударды.



Ел сенімін күшейтті

Президент мандатының ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеліп, қайта сайлануға тыйым салынуы да көпті елең еткізгені анық. Бұл ұсыныс Қ.К.Тоқаевтың Қазақстанда тұрақты демократиялық модель қалыптастыруға қатысты саяси бағытын кезең-кезеңімен атқарып жатқанын көрсетті. Президенттік мерзімді шектеу – халықтың сенімін арттырады.

Биыл жазда өткен республикалық референдумда еліміздің Конституциясына ауқымды түзетулер мен өзгерістер енгізілгені белгілі. Президенттің, Парламенттің, жергілікті өзін-өзі басқарудың, партиялардың және сайлау жүйесінің, яғни, билік институттарының негізгі өкілеттіліктері қайта қаралды. Осылайша, биліктің арақатынасына қатысты жаңа жүйе құрылды. Сондықтан бұл институттардың жұмысын сайлау арқылы жаңарту заңды шешім. Парламент сайлауына дейін «Саяси партиялар туралы», «Сайлау туралы» жаңа заңдарды қабылдау қажет. Жаңа саяси партиялардың қалыптасуына мүмкіндік беру керек. Содан кейін барып ғана Парламент сайлауын өткізуге болады. Парламентке жаңа тұлғалардың келуі – өте маңызды әрі қажет іс.

Мемлекет басшысы атап өткендей, жаһандық үдерістер мен ел ішіндегі даму күн өткен сайын қарқын алып келеді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы Жолдауында білім, ғылым және жастар тақырыбына айрықша тоқталып, бірқатар мәселені көтерді. «Жастарға жан-жақты қолдау көрсету –

мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруіміз керек» деді. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына одан әрі қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5% болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді.

Президенттің жоғары білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету жайлы айтқан ойлары өте өзекті. ЖОО бағытында келесі жылдың өншісіне бұйыратын мемлекеттік гранттың берілу жолы айқындалды. Бұл туралы Президент мемлекет ҰБТ нәтижесі мен өзге де көрсеткіштерге байланысты 30-дан 100 пайызға дейін сараланатын білім гранттарын бөлуді жоспарлап отырғанын жеткізді. Сонымен қатар студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі көтерілгені де көпті қуантып отыр.

Әсіресе, Ұлттық қордың қаржысын тиімді жұмсау үшін оның белгілі бір бөлігін балалардың есеп-шотына аудару жайлы айтылған жағымды жаңалық бұқараны бір серпілтіп тастады. Бастысы, жыл басындағы реформалардың қарқынын бәсеңдетіп алмай, жұмысты өз деңгейінде жалғастыра беру керек.

**Еңлікхан ҚОЗЫБАЕВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-дың Инновациялық
білім беру технологиялары
институтының
директоры.**